

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ

ISSN 2523-4684
e-ISSN 2791-1241



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ХОРЕОГРАФИЯ
АКАДЕМИЯСЫ

АА

ғылыми журнал
ARTS
ACADEMY

scientific journal
научный журнал



ISSN 2523-4684
e-ISSN 2791-1241

ғылыми
журналы

scientific
journal

научный
журнал

ARTS ACADEMY

1 (13) 2025

Наурыз 2025

March 2025

Март 2025

2022 жылдың наурыз айынан шыға
бастады
published since March 2022
издается с марта 2022 года

жылына 4 рет шығады
published 4 times a year
выходит 4 раза в год

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ
KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ХОРЕОГРАФИИ

Астана қаласы
Astana city
город Астана

Редакциялық алқаның төрағасы

Нүсіпжанова Б.Н. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық хореография академиясы (Астана, Қазақстан).

Бас редактор

Толысбаева Ж.Ж. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы (Астана, Қазақстан).

Редакциялық алқа

Кульбекова А.К. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы (Астана, Қазақстан).

Сантова Г.Ю. – өнертану кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, Қазақ ұлттық хореография академиясы (Астана, Қазақстан).

Ізім Т.О. – өнертану кандидаты, профессор, ҚазССР-ның еңбек сіңірген әртісі, Қазақ ұлттық хореография академиясы (Астана, Қазақстан).

Джумасеитова Г.Т. – өнертану кандидаты, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы (Астана, Қазақстан).

Рансьер М. – этномузыкатану PhD докторы, Боулинг Грин мемлекеттік университетінің Музыка өнері колледжінің доценті (Боулинг Грин, АҚШ);

Хоссейн Т. – PhD, профессор, әдебиет, өнер және ғылым факультетінің декан орынбасары, Васэда университеті (Токио, Жапония);

Кривиradeва Б.И. – PhD, Климент Охридский атындағы София университетінің қауымдастырылған профессоры (София, Болгария);

Портнова Т.В. – өнертану докторы, профессор, А.Н. Косыгин атындағы Ресей мемлекеттік университеті, өнертану кафедрасы (Мәскеу, Ресей);

Акилова К.Б. – өнертану докторы, профессор, Өзбекстан Көркемөнер академиясының академигі, Бекзод атындағы Ұлттық өнер және дизайн институты (Ташкент, Өзбекстан);

Ибрагимова Т.Г. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті (Бішкек, Қырғызстан).

Жауапты редактор: **Жунусов С.К.**

Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылыми журналы.

ISSN 2523-4684

eISSN 2791-1241

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы **02.02.2022 жылы берілген № KZ77VPY00045494 куәлік.**

Шығу жиілігі: жылына 4 рет

Тиражы: 300 дана

Редакция мекен-жайы: Астана қ., Ұлы Дала даңғылы, 43/1, 470 офис

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Қазақ ұлттық хореография академиясы, 2025**

Chairman of the Editorial Board

Nussipzhanova B.N. – Chair of the Editorial Board, Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Honored Worker of the Republic of Kazakhstan, Kazakh National Academy of Choreography (Astana, Kazakhstan);

Editor-in-Chief

Tolysbaeva Zh.Zh. – Doctor of Philology, Professor, Kazakh National Academy of Choreography (Astana, Kazakhstan);

Editorial Board

Kulbekova A.K. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh National Academy of Choreography (Astana, Kazakhstan);

Saitova G.YU. – Candidate of Art Studies, Professor, Honored Artist of the Republic of Kazakhstan, Kazakh National Academy of Choreography (Astana, Kazakhstan);

Izim T.O. – Candidate of Art Studies, Professor, Honored Artist of the Kazakh SSR, Kazakh National Academy of Choreography (Astana, Kazakhstan);

Zhumaseitova G.T. – Candidate of Art Studies, Professor, Kazakh National Academy of Choreography (Astana, Kazakhstan);

Rancier M. – PhD in Ethnomusicology, Associate Professor at the College of Musical Arts, Bowling Green State University (Bowling Green, USA);

Hossein T. – PhD, Professor, Vice Dean of the Faculty of Letters, Arts and Sciences, Waseda University (Tokyo, Japan);

Kriviradeva, B. I. – PhD, Associate Professor at Sofia University “St. Kliment Ohridski” (Sofia, Bulgaria);

Portnova, T. V. – Doctor of Art Studies, Professor, Department of Art Studies, A. N. Kosygin Russian State University (Moscow, Russia);

Akilova K. B. – Doctor of Art Studies, Professor, Academician of the Academy of Arts of Uzbekistan, Bekhzod National Institute of Art and Design (Tashkent, Uzbekistan);

Ibragimova T.G. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor at Arabaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan).

Executive editor: **Zhunussov S.K.**

Scientific journal of the Kazakh National Academy of Choreography

ISSN 2523-4684

eISSN 2791-1241

Certificate of registration of a periodical, information agency and online publication of the Information Committee of the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan
No. KZ77VPY00045494, issued 02.02.2022

Frequency: 4 issues per year

Printing: 300 copies

Editorial Office: Astana city, Uly Dala avenue 43/1, 470 office

Phone: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© Kazakh National Academy of Choreography, 2025

Председатель редакционной коллегии

Нусипжанова Б.Н. – кандидат педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан, Казахская национальная академия хореографии (Астана, Казахстан);

Главный редактор

Толысбаева Ж.Ж. – доктор филологических наук, профессор, Казахская национальная академия хореографии (Астана, Казахстан);

Редакционная коллегия

Кульбекова А.К. – доктор педагогических наук, профессор, Казахская национальная академия хореографии (Астана, Казахстан);

Сантова Г.Ю. – кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженная артистка Республики Казахстан, Казахская национальная академия хореографии (Астана, Казахстан);

Ізім Т.О. – кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженный артист КазССР, Казахская национальная академия хореографии (Астана, Казахстан);

Джумасеитова Г.Т. – кандидат искусствоведения, профессор, Казахская национальная академия хореографии (Астана, Казахстан);

Рансьер М. – доктор философии по этномузыкологии, доцент Колледжа музыкальных искусств Государственный университет Боулинг Грин (Боулинг Грин, США);

Хоссейн Т. – доктор философии, профессор, заместитель декана факультета литературы, искусств и наук, Университет Васэда (Токио, Япония);

Кривирадева Б.И. – PhD, ассоциированный профессор, Софийский университет имени "Св. Климент Охридски" (София, Болгария);

Портнова Т.В. – доктор искусствоведения, профессор, кафедра искусствоведения, Российский государственный университет имени А. Н. Косыгина (Москва, Россия).

Акилова К.Б. – доктор искусствоведения, профессор, академик Академии художеств Узбекистана, Национальный институт искусства и дизайна им. Бекзода (Ташкент, Узбекистан);

Ибрагимова Т.Г. – кандидат филологических наук, доцент КГУ им Арабаева (Бишкек, Кыргызстан)

Ответственный редактор: **Жунусов С.К.**

Научный журнал Казахской национальной академии хореографии.

ISSN 2523-4684

eISSN 2791-1241

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания Комитета информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан № KZ77VPY00045494, выданное 02.02.2022 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: г. Астана, пр. Ұлы Дала, 43/1, 470 офис.

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© Казахская национальная академия хореографии, 2025

FTAXP 18.45.01
ӘОЖ 792.97

DOI 10.56032/2523-4684.2025.1.13.5

А. Сабит^{1*}

Қазақ ұлттық хореография академиясы

ORCID ID 0009-0003-2699-0639

E-mail: aqjolsabit@gmail.com

(Астана, Қазақстан)

ҚАЗАҚ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ: ӘЛЕМДІК ТЕАТР ҮДЕРІСІНДЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР КОНТЕКСТІНДЕ

Аннотация

Зерттеу барысында қуыршақ театрының режиссерлік әдістері мен жаңа сахналық формалары қарастырылып, әлемдегі алдыңғы қатарлы театр труппаларының тәжірибелері талданды.

Мақала қуыршақ театрының тек балаларға арналған өнер емес, әлеуметтік, философиялық және психологиялық мәселелерді қозғайтын күрделі театрлық құбылыс екенін көрсетеді. Сонымен қатар, оның болашақтағы даму перспективалары, жаңа технологиялар мен эксперименталды тәсілдер арқылы кеңейу мүмкіндіктері сараланады. Нақтырақ айтқанда, қуыршақ өнерінің кино, би, визуалды инсталляциялар және жаңа медиа құралдарымен синтезделу үдерісі зерттеледі. Жаңа технологиялар қуыршақтардың тек механикалық қозғалысымен шектелмей, иммерсивті театр тәжірибелеріне ұласуына мүмкіндік береді. Және қазақ қуыршақ театрының ілгері дамып, әлемдік үрдістермен үндесу қажеттілігі айтылып, театрдың көркемдік әлеуетін кеңейту үшін ұлттық фольклор мен заманауи технологияларды ұштастырудың маңыздылығы атап өтіледі. Зерттеу қуыршақ өнерінің шекараларын кеңейтіп, көрерменмен жаңа қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін өркендетіп, дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысқан алаңы ретінде дамытуға бағытталған.

Түйінді сөздер

заманауи өнер, қуыршақ театры, мультимедиа, интерактивті сценография, технологиялық инновация.

Дәйексөз үшін

Сабит, А. 2025. Қазақ қуыршақ театрының даму мәселелері мен перспективалары: әлемдік театр үдерісіндегі шығармашылық ізденістер контекстінде. Arts Academy ғылыми журналы №1(13): 5–18.

IRSTI 18.45.01
UDC 792.97

DOI 10.56032/2523-4684.2025.1.13.5

A. Sabit^{1*}

Kazakh National Academy of Choreography

ORCID ID 0009-0003-2699-0639

E-mail: aqjolsabit@gmail.com

(Astana, Kazakhstan)

PROBLEMS AND PROSPECTS OF THE DEVELOPMENT OF KAZAKH PUPPET THEATER IN THE CONTEXT OF ARTISTIC EXPLORATIONS OF THE GLOBAL THEATRICAL PROCESS

Annotation

This study examines the directorial techniques and new stage forms in puppet theatre while analyzing the experiences of leading theatre companies worldwide.

The article demonstrates that puppet theatre is not merely an art form intended for children but a complex theatrical phenomenon that explores social, philosophical, and psychological issues. Furthermore, it discusses the future development prospects of puppet theatre and its potential expansion through new technologies and experimental approaches. Specifically, the study investigates the integration of puppet theatre with cinema, choreography, visual installations, and new media. Modern technologies enable puppet theatre to transcend the limitations of traditional mechanical movements, fostering immersive theatrical experiences. Special attention is given to the necessity of advancing Kazakhstani puppet theatre in alignment with global trends. In this context, the importance of integrating national folklore with contemporary technological solutions is emphasized to enhance the artistic potential of the theatre. This research aims to expand the boundaries of puppet theatre, explore new forms of audience interaction, and develop theatre as a space where tradition and innovation converge.

Key words

contemporary art, puppet theatre, multimedia, interactive scenography, technological innovation.

Cite

Sabit, A. 2025. Problems and prospects of the development of kazakh puppet theater in the context of artistic explorations of the global theatrical process. Arts Academy Scientific Journal, no. 1(13): 5–18.

МРНТИ 18.45.01
УДК 792.97

DOI 10.56032/2523 -4684.2025.1.13.5

А. Сабит^{1*}

Казахской национальной академии хореографии

ORCID ID 0009-0003-2699-0639

E-mail: aqjolsabit@gmail.com

(Астана, Казахстан)

ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОГО КУКОЛЬНОГО ТЕАТРА В КОНТЕКСТЕ ТВОРЧЕСКИХ ПОИСКОВ МИРОВОГО ТЕАТРАЛЬНОГО ПРОЦЕССА

Аннотация

В ходе исследования рассматриваются режиссёрские методы и новые сценические формы в кукольном театре, а также анализируется опыт ведущих мировых театральных трупп.

Статья доказывает, что кукольный театр - это не только искусство, ориентированное на детскую аудиторию, но и сложное театральное явление, затрагивающее социальные, философские и психологические вопросы. Кроме того, анализируются перспективы его дальнейшего развития, а также возможности расширения за счёт новых технологий и экспериментальных подходов. В частности, исследуется процесс синтеза кукольного искусства с кино, хореографией, визуальными инсталляциями и новыми медиа. Современные технологии позволяют кукольному театру выйти за рамки традиционной механики движений, создавая иммерсивные театральные опыты. Особое внимание уделяется необходимости развития казахстанского кукольного театра в контексте мировых тенденций. В этом аспекте подчёркивается важность интеграции национального фольклора и современных технологических решений для расширения художественного потенциала театра. Исследование направлено на расширение границ кукольного искусства, поиск новых форм взаимодействия со зрителем и развитие театра как пространства синтеза традиции и инноваций.

Ключевые слова

современное искусство, кукольный театр, мультимедиа, интерактивная сценография, технологические инновации.

Для цитирования

Сабит, А. 2025. Проблемы и перспективы развития казахского кукольного театра в контексте творческих поисков в мировом театральном процессе. Научный журнал "Arts Academy", № 1(13): 5–18.

Кіріспе. Қуыршақ театры – ғасырлар бойы өзгеріп, әртүрлі мәдениеттер мен технологиялық прогрестің ықпалымен жаңарып, дамып келе жатқан өнер саласы. Қазіргі таңда бұл театр түрі дәстүрлі қолөнермен қатар, мультимедиа, проекциялар, интерактивті жарық пен дыбыстық эффектілер сияқты жаңа технологиялық мүмкіндіктерді белсенді түрде қолдануда. Бұл өзгерістер қуыршақ театрының көркемдік әдістерін кеңейтіп қана қоймай, оның философиялық және эмоциялық әсерін күшейтіп, көрерменнің спектакльге терең бойлауына ықпал етеді. Қуыршақ театры енді тек балалар аудиториясына арналған өнер түрі емес, сонымен қатар интеллектуалды ізденіс пен инновация алаңына айналууда.

I ғасырға жуық тарихы бар кәсіби қазақ қуыршақ театры, ауыз әдебиетіндегі аңыз-әңгімелерді, ұлттық-мұралық ертегілер мен болмысымыздан сыр шертер шығармаларды бүлдіршіндердің санасына терең сіңіріп, көңілдеріне бекітіп, өнермен сусындататын алғашқы рухани-мәдени мектеп екені анық. Дегенмен де, өкінішке орай театр жаһандық жайқалудың жылдамдығына, қарқынына ілесе алмай, дамуы бәсең, жүрісі марғау қалыпта келе жатқаны да жасырын емес. Арыны қатты, аяқ алысы екпінді заманауи жаңалықтардың етегінен ұстап, ағынынан қалмай, ырғағына еріп, жаңа белеске, тек балалар аудиториясына арналған өнер түрі емес, сонымен қатар интеллектуалды ізденіс пен инновация алаңына айналдыруға әрекет ету керек. Себебі, саналы, рухани бай, мәдениеті кемел адам қалыптастырудағы ізгі сапарындың алғашқы баспалдағы - Қуыршақ театры. Бұл өнер ордасы бүлдіршіннің қиялын

ұштап, жүрегіне мейірім себеді, алғашқы мәдениет дәмін татқызып, сұлулық пен ізгілікке жетелейді. Ұсақ көрінгенімен, үлкен мағына сыйлайтын қуыршақтар әлемі - болашақ саналы ұрпақтың сәби көңіліне өнердің алғашқы шуағын төгетін киелі бесік.

Зерттеу әдістері. Теоретикалық-аналитикалық әдіс арқылы заманауи қуыршақ театрының даму тенденциялары, көркемдік ерекшеліктері және технологиялық интеграциясы кешенді түрде қарастырылды. Нақтырақ айтсақ қуыршақ театрының қазіргі дамуын және көркемдік ерекшеліктерін талдау үшін ғылыми еңбектер, монографиялар, мақалалар мен театр рецензиялары зерттелді. Заманауи беталыстарын түсіну үшін жетекші режиссерлердің қойылымдары талқыланды.

Көркемдік-талдау әдісі арқылы әлемдік қуыршақ театрларының тәжірибелері бір-бірімен салыстырылып, олардың даму бағыттары айқындалды. Белгілі театр труппаларының спектакльдеріндегі шешімдер мен технологиялық жаңашылдықтарына шолу жасалды.

Жүйелік-құрылымдық әдіс көмегімен қуыршақ театрының театр, кино, перформанс, визуалды өнер және сандық технологиялармен байланысыны зерделенді. Оның эстетикалық, философиялық және технологиялық аспектілерін кешенді түрде сипаттау үшін жүйелі талдау жүргізілді.

Тақырып бойынша әдебиетке шолу. Қуыршақ театры XXI ғасырда дәстүрлі әдістерден шығып, мультимедиа, кинематография және интерактивті технологиялармен біріге отырып, жаңа бағыттарға бет бұруда. Зерттеу

барысында қуыршақ өнерінің дамуын сипаттайтын бірқатар еңбектер қарастырылды.

Уоттс еңбегінде «Альвин Спутниктің бастан кешкендері: Теңіз түбіндегі зерттеуші» қойылымы негізінде мультимедиялық технологиялардың қуыршақ театрына ықпалы сипатталады. Бұл зерттеуде проекциялық эффекттер, интерактивті элементтер және иммерсивті кеңістік құру әдістерінің маңыздылығы көрсетілген.

Джонс еңбегінде Handspring Puppet Company ұсынған «Соғыс тұлпары» қойылымының қуыршақ механикасын жетілдірудегі рөлі қарастырылады. Қуыршақ қозғалысының кинетикалық жүйелер арқылы шынайы бейнеленуін зерттеп, бірнеше қуыршақ басқарушылардың үйлесімді жұмысының маңыздылығын дәлелдейді.

Wisniewska XXI ғасырдағы қуыршақ театрының философиялық және әлеуметтік мәселелерді қозғайтын күрделі театрлық формаға айналғанын көрсетеді. Автор қуыршақ театрындағы драматургиялық шешімдердің өзгеруін талдап, оның жаңа аудиториялармен өзара әрекеттесу тәсілдерін зерттейді.

Жалпы, зерттеулер қуыршақ театрының дамуы мультимедиялық интеграция, механикалық жаңашылдықтар және жаңа драматургиялық тәсілдер арқылы жүзеге асатынын дәлелдейді. Қазақ қуыршақ өнерінің әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, жаңа көркемдік деңгейге жетуі үшін осы бағыттарды дамыту маңызды.

Зерттеу нәтижелері. XXI ғасырдағы заманауи қуыршақ театры дәстүрлі тәсілдерден шығып, мүлде жаңа көркемдік формаларды зерттеуге бет

алды. Қазіргі қуыршақ театрының маңызды ерекшелігі - эксперименталдық ізденістер. Тек балаларға арналған классикалық қойылымдармен шектелмей, заманауи технологиялармен, визуалды эффекттермен, хореографиямен және кинематографиялық тәсілдермен үйлесіп, философиялық, әлеуметтік және саяси мәселелерді қамтитын ауқымды эстетикалық құбылысқа айналып отыр. Қойылымдар гибриді жанрларды, көлемді мультимедиялық композицияларды, интерактивті кеңістікті байланыстыра отырып, көрерменді тек бақылаушы емес, сахналық оқиғаның бір бөлігіне айналдырады. Режиссерлер мен театр суретшілері құрылымдық деконструкция, пластикалық трансформация және перформативті инсталляцияларды біріктіріп, қуыршақ театрының экспрессивті мүмкіндіктерін кеңейтуде. Бұл бағыт қуыршақ өнерімен театр, кино және жаңа медиа арасындағы шекараны жойып, оны күрделі көркемдік-идеялық платформаға айналдырады.

Бүгінгі өзімізде әлемде, адамзаттың жеткен жаһандық жетістіктерін тиімді пайдаланып, қуыршақ өнерінің жаңа белесін, мүмкіндігін, көзқарасын қалыптастырып келе жатқан, жарқын мысал ретінде сөзге тиек болар қуыршақ театры аз емес. Олардың еңбектеріне шолу жасау арқылы, бұл өнерге қызығушылықты арттырып, көрерменнің көңіл көкжиегін кеңейтіп, Қазақстандағы қуыршақ театрына деген көзқарасты өзгерту мақаланың басты миссиясы. Олай болса, төменде бірнеше театр труппаларының қойылымдарын, көркемдік шешімдерін талдап, қарастырып, Қазақ қуыршақ өнеріне

жетпей тұрған, дамуына орасан зор үлес қосар, өзекті жерлерін белгілеп көрейік.

Алғашқы дамудағы маңызды факторлардың бірі - технологиялық инновациялар. ХХІ ғасырдағы театр проекциялар, анимациялық эффектілер, голографиялық бейнелер, AR және жасанды интеллектке негізделген қуыршақ басқару жүйелері арқылы күрделі сахналық кеңістік қалыптастыруда.

Проекциялық технологиялар сахнада кеңістік пен уақытты өзгертудің жаңа тәсілдерін ұсынады. Мультимедиялық сценография дәстүрлі декорацияларды алмастырып, қойылымның динамикалық бейнесін қалыптастырады. Голографиялық қуыршақтар мен виртуалды кейіпкерлер сахналық қойылымдардың көпқабатты құрылымын жасап, шынайылық пен қиялдың шекарасын жояды. Қозғалысты тану жүйелері, биометриялық сенсорлар, аудио-реактивті дыбыстық эффектілер қойылым динамикасын тікелей көрерменнің реакциясына байланысты қалыптастыра алады.

Бұл бағытқа Австралиялық қуыршақ актері, режиссер Тим Уоттстың авторлық және режиссерлік «Альвин Спутниктің бастан кешкендері: Теңіз түбіндегі зерттеуші» спектаклін мысал ретінде қарастыруға болады. Аталмыш қойылымда, Альвин Спутник қуыршағы жеңіл материалдардан жасалған, оны Wiimote қозғалыс сенсоры арқылы басқаруға болады. Бұл тәсіл интерактивтілікті арттырып, бір ғана орындаушыға бірнеше кейіпкерді бір мезетте басқара алу мүмкіндігін береді. Ал сахнадағы оқиғалар анимациялық проекциялар арқылы толықтырылып,

қуыршақтар мен графиканың үйлесуін қамтамасыз етіп, көрерменді толықтай иммерсивті кеңістікке енгізеді. Проекциялар көбіне терең теңіздегі зерттеулер мен табиғаттың виртуалды бейнелерін көрсету үшін қолданылады. Қойылымды бір адам басқару үшін ыңғайлы жасағандары соншалық, тіпті жарық жүйесі аяқпен басқарылатын педальдар мен сандық контроллерлер арқылы жұмыс істейді. Бұл энергияны үнемдеуге және портативтілікті арттыруға мүмкіндік береді.

Қойылым кейбір көріністерде голографиялық проекцияларды пайдалану арқылы 3D эффектілерді іске қосады. Бұл қуыршақтарды кеңейтілген виртуалды (AR) кеңістікте көрсетуге мүмкіндік береді. Осының әсерінен және жарық пен дыбыстық эффектілер көрермен көңіл-күйіне бейімделе алатындықтан, олар қойылым барысында оқиғамен бітеқайнасып кеткендей күй кешеді. Бұл интерактивті тәсілдер мен сандық технологияларды шебер үйлестіруі қуыршақ театрының болашағына жаңаша серпін екені ақиқат (Watts T. 2019. 1, 10 б.).

Құрылымының өзі ерекше бұл спектакль алғашқы көрсетілімінен-ақ көрермендер мен сыншылардың жоғары бағасына ие болып, әлемдік театр кеңістігінде орны бар қойылымға айналды. 2009 жылы Перт қаласындағы Blue Room Theatre сахнасында алғаш рет көрерменге жол тартқан бұл бірегей қойылым көркемдік шешімдерімен, жаңашылдыққа толы тәсілдерімен ерекшеленіп, көрерменнің ықыласына бөленді. Алғашқы көрсетілімнен-ақ “Үздік қойылым”, “Үздік шығармашылық топ”

және “Көрермен көзайымы” номинацияларында жеңіске жетті.

Осы жетістіктердің арқасында қойылым шекара асып, халықаралық аренада да мойындалды. Нью-Йорктегі халықаралық Fringe фестивалінде “Үздік моноқойылым” номинациясын жеңіп алуымен қатар, 2010 жылы Аделаида фестивалінде “Үздік қуыршақ театры қойылымы”, 2011 жылы Окленд Fringe фестивалінде “Үздік театр қойылымы”, Дублинде “Үздік ер адам рөлі” жүлделеріне, ал Рио-де-Жанейроның Fil фестивалінде “Үздік айрықша қойылым” марапаттарына лайық деп танылды.

Осындай жоғары бағалаулардың нәтижесінде спектакль әлемнің түрлі қалалары мен фестивальдерінде қойылып, Нью-Йорк, Окленд, Дели, Сеул, Бусан, Гонконг, Эдинбург, Дублин, Мельбурн, сондай-ақ Бразилия, Жапония, Мальта, Норвегия, Сингапур, Словения, Тайвань, Түркия және Біріккен Араб Әмірліктерінде аншлаппен өтті (Watts T. 2019. 1, 3 б.). Әрбір қойылым сайын көрерменнің таңданысын оятып, сахна өнерінің шекарасын кеңейткен бұл спектакль қазіргі заманғы қуыршақ театрының дамуына өз үлесін қосқан айтулы шығармалардың бірі болып саналады. Дәл осы қойылымдағы жаңалықтар қазақ қуыршақ өнерінің бүгінгі кемшілігін толық көрсетеді. Сондықтан көркемдік құрылымын толық зерттеп, мүмкіндіктері мен идеясын толық меңгеріп, қазақ елі көрерменіне лайықтап қоюға әрекет ету керек.

Әрине, қуыршақ театрының заман ағысымен жүруі керек деген сөз, толық техникаландырып, роботтандырып, эффектілермен бүркеп-қымтап тастау деген сөз емес. Өйткені, қуыршақ жүргізу

шеберлігі, қол икемділігі, қол сымбаттылығы артқы планға шегініп, эмоциялық әсер берер аталмыш қосымша дүниелердің астында қалып қоюы, қуыршақ өнерінің жойылуына алып келуі мүмкін. Себебі қуыршақ театрын театр етіп тұрған - театрлық қуыршақ қой.

Демек, келесі маңызды фактор қуыршақ театрындағы механикалық құрылымдарды жетілдіру арқылы натуралистік қозғалысты қамтамасыз ету. Бұл тұрғыда Handspring Puppet Company ұсынған Соғыс тұлпары спектаклі – қуыршақ өнерінің техникалық эволюциясын көрсететін айқын мысал бола алады.

«Соғыс тұлпары» спектаклінде қолданылған қуыршақтар театрлық өнердің шыңын көрсететін ерекше инженерлік және көркемдік туындылар болып табылады. Handspring Puppet Company жасаған ат қуыршақтары – құрылымдық шеберліктің, инновациялық материалдардың және сахналық қозғалысқа бейім шынайылыққа ұмтылған сахналық иллюзияның үлгісі. Аттардың тіршілігін дәл жеткізу үшін қуыршақтардың ішкі механизмі күрделі кинетикалық жүйемен жабдықталған. Олардың қозғалысы үш түрлі қуыршақ басқарушының үйлесімді жұмысы арқылы жүзеге асады: біреуі аттың басын және мойнын, екіншісі алдыңғы аяқтарын, үшіншісі артқы аяқтары мен құйрығын басқарады. Бұл тәсіл аттардың дем алуы, жүрісі, тіпті эмоциялық күйін айнытпай көрсетуге мүмкіндік береді. Әсіресе, қуыршақтардың бас сүйегіндегі икемділік пен құлақтарының қимылы арқылы олардың сезімталдығы айқын көрініс табады. Аттың жүру динамикасы табиғи қозғалысты дәл қайталайтын етіп

жасалған. Басқарушылар арнайы әзірленген пластикалық және серпімді буындар арқылы аттың ырғақты қозғалысын сақтап, көрерменнің санасына тірі бейнедей ерекше әсер қалдырады.

«Соғыс тұлпары» 2007 жылы Лондонның Ұлттық театрында алғаш сахналанған сәттен бастап-ақ театр әлемінде үлкен резонанс тудырды. Қойылым көрермендер мен сыншылар тарапынан зор қошеметке ие болып, ең беделді марапаттарға лайық деп танылды. Атап өтсе: - үздік сахналық дизайны үшін 2008 жылы “Лоуренс Оливье сыйлығы”; - 2007 жылы “Evening Standard” театр жұлдесі; - ерекше қойылым ретінде “Critics’ Circle” театр марапаты; - 2011 жылы Бродвей сахнасындағы ең үздік спектакль деп “Tony Award” жұлдесіне ие болды (Jones B. 2, 258 б.).

Қуыршақ жасаушы шеберлерге мұқтаж қазақ қуыршақ театры үшін дәл осындай ауқымды деңгейге жету үшін, беталыстың қозғалысына көз салсаңыз әлі ұзақ күтердей сезімде қаласыз. Жоқ қазақ қуыршақ өнері 1 ғасырға жуық уақытта мүлде өзгеріссіз қалып, жетістікке жетпеді деп айта алмаймыз. Себебі азын-аулақ әрекеттер жоқ емес, бар. Аудиторияны кеңейтіп, әлеуетін арттыруға тырысып, ауқымды классикалық ауыр шығармалардың өзіне де барған театр мен режиссерлер елімізде бар. Ол жайлы «Күрделі драматургиялық шығармалардың қазақ қуыршақ театрына ықпалы» мақаласында азын аулақ сөз қозғалған (Сабит А. 3, 4 б.). Бірақ бұл әлемдік театр деңгейінің жанында көркемдік шығармашылық, сахналық эстетика жағынан жұпыны, ұсақ. Не істемек керек? Әрине қуыршақ театрының

өркендеуі үшін, “қуыршақ жасау шеберлерін” даярлауды дереу арада қолға алу керек. Икемді-ниетті азаматтарды жинап, арнайы шетелдік үздік оқу орындарынан білім алуын қамтамасыз етіп, әлемдік қуыршақ мекемелерінен тәжірибеден өтуін қадағалап, ел өнерінің мүддесі үшін қызмет атқаратын, жоғары білікті мамандарды қалыптастыру керек. Бұл ең ауқымды мәселе деп айтса, қате болмас. Себебі спектакльдің режиссуралық формасы, драматургиялық құрылымы, әртістердің шеберлігі қаншалықты керемет болса да, қуыршақ аспабының көркемдік тартымдылығы, техникалық мүмкіндігінің биіктігі болмаса, қойылым жартылай шала-жансар дүние болып қала бермек.

Қуыршақ аспабын жетік меңгермеген бүгінгі қалыпқа қарап, әлемнің қаншалықты көш ілгері жүйіткіп бара жатқанын аңғару қиын емес. Сөзге айғақ болу үшін көркемдік деңгейде терең талдауды қажет ететін бағыттардың тағы бірі қуыршақ өнерінің кинематография өнерімен байланысы жайлы шолу жасап көрелік. Экрандық-аудиовизуалды өнермен тоғысудан туған Израилдік PuppetCinema труппасының 2012 жылы қойылған, режиссер Цахи Пинтоның ғаламат «Жұмыртқа ғаламшары» атты кинематографиялық-қуыршақ спектаклін қарастыралық. Қойылым ерекшелігі қуыршақтардың сахнада ойналып жатқанын тікелей экранға түсіру арқылы “тірі кино” тәжірибесін жасауы. Көрермен бір мезетте екі түрлі ракурсты, яғни, шағын ауқымды қуыршақтардың миниатюралық декорацияланған сахнадағы физикалық қозғалысы мен экранда кинематографиялық өңдеуден

өткен бейнесін тамашалай алады. Камералар макро түсірілім арқылы осы кішкентай әлемді үлкен экранда жан бітіріп, оны эпикалық кеңістікке айналдырады. Бұл әдіс қуыршақтардың детализациясын айқындап, көрерменге оларды толыққанды кейіпкер ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Ұжымның шағын масштабтағы объектілерді эпикалық кеңістікке айналдырып, көрерменге микродүниенің кинематографиялық иллюзиясын тікелей көз алдында жасап беруін, өнердің ғажап жетістігі деп бағалауға әбден лайық (PuppetCinema. 4).

Бұл тұста Plexus Polaire труппасының “Moby Dick” спектаклін қатарға қоспай, жөнсіз болар. Себеп, Ингвильд Аспели режиссердің бейнепроекциялар, кинематографиялық техникалар, таңғажайып қуыршақ өнері және интеллектуалды сахналық шешімдер арқылы көрермендерге ұмытылмас әсер қалдыруы, сөзсіз талқылауға тұрарлық. Қойылым жайлы Джессика Уотсон Intermission сайтындағы REVIEW: Moby Dick at Plexus Polaire мақаласында “Нағыз театр сиқыры! Кинематографиялық техникалардың, таңғажайып қуыршақ өнерінің және интеллектуалды сахналық шешімдердің үйлесімі. Бұрын-соңды көрмеген ерекше жоғары деңгейдегі қойылым. Ғажап!” -, деген әсерімен бөліссе (Intermission Magazine. 5);

Salterton Arts Review сайты жариялаған “Moby Dick – Plexus Polaire / Barbican, London” мақалада: “Проекциялар, музыка, әсіресе қуыршақ өнері көрерменді дәстүрлі театр тәсілдері жете алмайтын терең, әрі тылсым кеңістіктерге жетеледі.”-, деген пікір айтылады (Salterton Arts Review. 6).

Расымен ғаламат жетістік, ерекше жұмыстар. Қарапайым проекторлардың өзін жиі қолданысқа ала бермейтін, қолданса да тек фон ретінде пайдаланатын қазақ қуыршақ өнері үшін бұл таңсық дүние. Ал, әзірге, қазақ даласынан да, бұл бағытты қолға алар азамат шығып, ақ түйенің қарыны жарылған, шығармашылық белеске жетер сәт туар-ау деп, үмітпен күту ғана қолдан келері.

Көркем шығарма, механикалық керемет қуыршақтар, заманауи техникалық құрал-жабдықтар толық бар делік, демек келесі кезекте қажеті, әрине - драматургияның құндылығы, айтар ойы, мәні. Әрине драматургиялық сапа жағынан қарастыратын туындылар өте көп. Мәселен, Философиялық қойылым ретінде Duda Paiva Company труппасының “Bastard!” спектаклін зерттеуге болады. Шынайы және қиял-ғажайып кейіпкерлердің кездесулері арқылы адамның ішкі жан дүниесі мен қоғамдағы орны зерттеледі. Басты кейіпкер – адам мен құбыжықтың арасындағы шекараны бұзатын бейне. Біз кімбіз? Бізді не анықтайды – сыртқы келбет пе, ішкі жан дүниеміз бе? Қоғам бізді қалай қабылдайды? – деген философиялық сұрақтардың жауабын іздеуші, өзін қоғамнан бөлектеп, жат сезінетін мақұлық жайлы қойылым.

Спектакльде “Сиамдық техника” арқылы қуыршақ пен адам біртұтас денені бөлісуі, өзіндік болмыс пен басқаға тәуелділіктің метафорасының дәлелі. Мисс Клементиннің “толық емес” денесі оның шынайы адам бола алмайтындығын көрсетсе де, қуыршақ пен қуыршақшы арасындағы динамика оны толыққанды

кейіпкер ретінде сезіндіреді (Wisniewska M., 7, 44-46 б.).

Total Theatre сайтындағы Бекки Смиттің мақаласында, сахнаның безендірілуі мен атмосферасы экзистенциалдық мазасыздықты тудыратыны айтылады. Спектакльдегі кейіпкерлердің бірі – Клементин есімді кейуананың аты Clay “саз” деп қысқартылып, Беккеттік символизмге сілтеме жасайды, бұл оны жалпыға бірдей бейнесі ретінде көрсетіп, қоғамның өзекті мәселелерін астарлап жеткізеді. Қойылымда екі қарт кемпірдің болуы және олардың басты кейіпкермен қарым-қатынасы уақыт, жастық пен кәрілік, өткен мен жаңа туралы ұғымдардың қадірін түсіндіретін жақсы метафора екенін баяндайды (Total Theatre. 8).

Puppet Centre сайтындағы Сиан Кидд шолуында, спектакльде үлкен көбік қуыршақтар мен физикалық театрдың үйлесімі арқылы экзистенциализм тақырыбы қозғалатыны, қойылым қуаныш пен қайғыны қатар сезіндіріп, көрерменге терең философиялық ой тастайтыны айтылады (Puppet Centre. 9).

Қазақ қуыршақ театрында да Халықаралық, республикалық фестивальдердің жеңісті тұғырынан көрінген ауқымды, адуынды қуыршақ спектакльдерінің қарасы біршама. Шекспирдің «Ромео мен Джульетта», «Макбет. Иллюзия», Н.Гогольдің «Шинель», Е. Локшинаның «Мен бір жұмбақ адаммын... Абай», Ш.Айтматовтың «Ана – Жер Ана», Еврипидтің «Медея», Е. Ионовтың «Ана жүрегі», М.Тәуекелованың «Мен деп ойла», Қ.Мұраттың «Қуыршақ» атты туындылары әлемдік болмаса да бүгінгі

қазақ қуыршақ өнерінің көгінде тұрған туындылар. Бірақ көкке шықтым деп аспандам, астамсып кету, көкжиекті бекітіп, болашақты бұлыңғырлататыны мәлім. Сондықтан, көркемдік ерекшелік, технологиялық жаңалық, механикалық дәлдік, эстетикалық тартымдылықты әліде болса қажет етуі заңды, айқын, орынды. Әлем бой түзеп, қозғалыс жасау үшін айдан анық беталысқа жолды салып беріп тұрғанда, бір орында тұру әсте кәсібиліктің жоқтығынан, немесе ізденістің кемдігінен болуы ықтимал.

Қорытынды. Қазіргі заман – технологияның қарқынды дамуы мен ақпарат ағынының шексіз күшею кезеңі. Бұл үдеріс тек коммуникация құралдары мен әлеуметтік құрылымдарға ғана емес, адамның қабылдау жүйесіне де түбегейлі өзгерістер енгізді. Бүгінгі балалар дәстүрлі ұғымдағы көрермен ғана емес, олар – бір уақытта бірнеше ақпарат көзін өңдей алатын, мультимедиялық сигналдарға жылдам жауап беретін және дәстүрлі баяндау формаларына қарағанда, визуалды-компьютерлік әлемді құп көретін, ақпараттың белсенді тұтынушылары мен сарапшылары болып табылады. Экрандық мәдениетке үйренген ұрпаққа классикалық сахналық тәсілдермен шектелген қойылымдар сенсорлық және когнитивтік қажеттіліктері тұрғысынан толық эстетикалық ләззат бере алмауы мүмкін. Демек, қуыршақ театры тек механикалық қозғалыс пен диалогтық драматургияға сүйенбей, голография, виртуалды кеңістік, сенсорлық эффектілер мен иммерсивті театр тәжірибелерін пайдалану арқылы жаңа қабылдау шекараларын зерттеп, бейімделуі тиіс.

Мақалада көрсетілгендей әлемдік қуыршақ өнері жоғарыда айтылған бағыт жолында, үздіксіз эволюцияға қарқынды түрде ұмтылуда. Ал, қазақ фольклоры, мифологиясы қуыршақ театры үшін сарқылмас рухани қазына болғанымен, осы байлықты жаңа формалармен үндестіру жолындағы ізденістер әлі де әлсіз. ХХІ ғасырдың көркемдік ағымдарымен терең сабақтастыру үрдісі жүйелі түрде жүріп жатқан жоқ. Иә, соңғы жылдары белгілі режиссерлер мен суретшілердің дәстүрлі өнерді сақтай отыра жаңаша сипатқа қадам жасауға талпынысы барын жоққа шығара алмаймыз. Бірақ бұл процесс әлемдік деңгеймен салыстырғанда едәуір самарқау жүруде. Технологиялық

жаңашылдықтарды тереңірек игеру, драматургиялық құрылымды күрделендіру, көрерменнің санасын жаңа бағытта тәрбиелеу – бұл қазақ қуыршақ театры үшін басты міндеттердің бірі болуға тиіс. Егер қуыршақ өнері тек дәстүрлі үлгіде қалып қойса, онда ол өзінің өзектілігін жоғалтып, тек этнографиялық мұра ретінде ғана қабылдануы мүмкін. Сондықтан батыл қадамдар жасалып, заманауи өнер тәжірибелерін ұлттық нақышпен аастыру арқылы, қазақ қуыршақ театрын әлемдік сахнада өзіндік қолтаңбасын айшықтайтын ерекше құбылыс деңгейіне жеткізу керек. Бұл қазақ қуыршақ театрының болашақтағы өрлеуінің басты кілті болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Watts, Tim, and Luke Klysz. 2019. Adventures of Alvin Sputnik: Deep Sea Explorer. Education Resource Pack. Australia. <https://canberratheatrecentre.com.au/wp-content/uploads/2022/11/TLGH-Alvin-Sputnik-Education-Resource-2019-FAA.pdf>.
2. Jones B. 2025. Handspring Puppet Company Book. 12.12.2024. <https://www.dropbox.com/scl/fi/x0ywisxqddl9h2ekeogfp/Handspring-Book.pdf?rlkey=44bhdccivjqr9qksd0ocfkpt47&e=1&dl=0>.
3. Сабит А. Күрделі драматургиялық шығармалардың қуыршақ театрының дамуына ықпалы. Ғылыми мақала. Астана. 2024.
4. PuppetCinema. n.d. PuppetCinema Official Website. 16.12.2024. <http://www.puppetcinema.com/>.
5. Intermission Magazine. 2025. “Review: Moby Dick at Plexus Polaire, Harbourfront Centre, Why Not Theatre.” 10.11.2024. <https://www.intermissionmagazine.ca/reviews/review-moby-dick-at-plexus-polaire-harbourfront-centre-why-not-theatre/>.
6. Salterton Arts Review. 2025. “Moby Dick – Plexus Polaire / Barbican, London.” 11.11.2024. <https://saltertonartsreview.com/2025/01/moby-dick-plexus-polaire-barbican-london/>.
7. Wisniewska, Marzenna. 2020. “Puppetry in the 21st Century: Reflections and Challenges.” ResearchGate. https://www.researchgate.net/profile/Marzenna-Wisniewska/publication/344955066_Puppetry_in_the_21_st_Century_Reflections_and_Challenges.

8. Total Theatre. 2025. "Duda Paiva Company – Bastard!" 09.01.2025.
<https://totaltheatre.org.uk/dudapaiva-company-bastard/>.
9. Puppet Centre. 2025. "Review: Bastard! – Duda Paiva Company." 14.01.2025.
<https://www.puppetcentre.org.uk/animations-online/reviews/bastard-dudapaiva-company>.

References:

1. Watts, Tim, and Luke Klysz. 2019. Adventures of Alvin Sputnik: Deep Sea Explorer. Education Resource Pack. Australia. <https://canberratheatrecentre.com.au/wp-content/uploads/2022/11/TLGH-Alvin-Sputnik-Education-Resource-2019-FAA.pdf>. (In Engl.).
2. Jones B. 2025. Handspring Puppet Company Book. 12.12.2024.
<https://www.dropbox.com/scl/fi/x0ywisxqddl9h2ekeogfp/Handspring-Book.pdf?rlkey=44bhdciwqr9qksd0ocfkpt47&e=1&dl=0>. (In Engl.).
3. Sabit A. Kúrdeli dramatyrgialyq shyǵarmalardyń qýyrshaq teatrynyń damýyna yqpaly. Ğylymı maqala. Astana. 2024. (In Qazaq.).
4. PuppetCinema. n.d. PuppetCinema Official Website. 16.12.2024.
<http://www.puppetcinema.com/>. (In Engl.).
5. Intermission Magazine. 2025. "Review: Moby Dick at Plexus Polaire, Harbourfront Centre, Why Not Theatre." 10.11.2024.
<https://www.intermissionmagazine.ca/reviews/review-moby-dick-at-plexus-polaire-harbourfront-centre-why-not-theatre/>. (In Engl.).
6. Salterton Arts Review. 2025. "Moby Dick – Plexus Polaire / Barbican, London." 11.11.2024. <https://saltertonartsreview.com/2025/01/moby-dick-plexus-polaire-barbican-london/>. (In Engl.).
7. Wisniewska, Marzenna. 2020. "Puppetry in the 21st Century: Reflections and Challenges." ResearchGate. https://www.researchgate.net/profile/Marzenna-Wisniewska/publication/344955066_Puppetry_in_the_21_st_Century_Reflections_and_Challenges. (In Engl.).
8. Total Theatre. 2025. "Duda Paiva Company – Bastard!" 09.01.2025.
<https://totaltheatre.org.uk/dudapaiva-company-bastard/>. (In Engl.).
9. Puppet Centre. 2025. "Review: Bastard! – Duda Paiva Company." 14.01.2025.
<https://www.puppetcentre.org.uk/animations-online/reviews/bastard-dudapaiva-company>. (In Engl.).

Автор жайында қысқаша мағлұмат:

Сабит Акжол

Қазақ ұлттық хореография академиясының 1 курс магистранты
(Астана, Қазақстан)

Ғылыми жетекші: **Жұмасейітова Гүльнара Тазабекқызы** – өнертану кандидаты, өнертану профессоры, Халықаралық театр сыншылары қауымдастығының мүшесі, ҚР театр қайраткерлерінің және хореографтар одағының мүшесі

E-mail: aqjolsabit@gmail.com

Тел: +77475191529

Brief Information about the Author:

Sabit Akzhol

Master's student of the 1st year at the Kazakh National Academy of Choreography
(Astana, Kazakhstan)

Academic Advisor: **Gulnara Dzhumaseitova** - Candidate of Art Studies, Professor of Art Studies, Member of the International Theatre Critics Association, Member of the Union of Theatre Workers and Choreographers of the Republic of Kazakhstan

E-mail: aqjolsabit@gmail.com

Phone: +7 7475191529

Краткая информация об авторе:

Сабит Акжол

Магистрант 1 курса Казахской Национальной академии хореографии
(Астана, Казахстан)

Научный руководитель: **Жумасейитова Гүльнара Тазабековна** – кандидат искусствоведения, профессор искусствоведения, член Международной Ассоциации театральных критиков, член Союза театральных деятелей и хореографов РК

E-mail: aqjolsabit@gmail.com

Тел: +77475191529

ФТАХР 18.45.01
ӘОЖ 78.071.2 (510)

DOI 10.56032/2523-4684.2025.1.13.18

Л. Ақихат¹

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

ORCID ID 0009-0006-8707-6025

E-mail: lazka.music@mail.ru

(Алматы, Қазақстан)

ҰРАН АҚАТАЙҰЛЫ КҮЙЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ- СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ («МЕРЕКЕ», «САҢЛАҚ» ЖӘНЕ «ҚАНАТ ҚАҚТЫ» МЫСАЛЫНДА)

Аннотация

Ұсынылып отырған мақала Тарбағатай (ҚХР) өңірінің күйшісі Ұран Ақатайұлының шығармашылық жолын қарастыруға арналады. Қазақтың күйшілік өнері өзінің географиялық-өңірлік орналасуы мен орындаушылық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі өңір күй дәстүрлеріне бөлінетіні белгілі. Олардың ішінде Шығыс Қазақстан күйшілік дәстүрінің тамыры тереңнен бастау алып, аймақтық жағынан кең көлемді қамтиды. Оның бір тармағын Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданы қазақтарының күйшілік мектебі құрайды. Осы өлкеге қарасты Іле қазақ автономиялық облысының Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтарында Санжы, Бұратала облыстарында, Құмыл аймағында, Гансу өлкесінде, Күйтүн, Шыхызы, Үрімжі қалаларында екі миллионға жуық қандастарымыз өмір сүріп келеді. Сол өңірлердің күйшілік өнерін зерттеу үдерісі отандық ғылымымызда өзінің алғашқы кезеңінен өтуде деп айтуға болады.

Жұмыста келесі мәселелер қарастырылады: 1) Күйші шығармашылығына сипаттамасы беру. 2) Жоғарыда аталған күйшінің ең жарқын мысалдарына музыкалық талдау.

Бұл жұмысты жазу барысында автордың 2024 жылдың қаңтар айында Іле-Қазақ автономиялық облысы (Құлжа қ.) жасаған фольклорлы-этнографиялық экспедиция мәліметтері қолданылады. Әдістердің ішінде салыстырмалы-типологиялық және жүйелі-этнофониялық (И. Мацневский) тәсіл пайдаланылады. Профессор С. Өтеғалиева құрастырған домбыра күйлерін талдау әдістемесі қолданылады. Кейбір күйлердің шығу тарихы, желісі жазылып, оларға музыкалық талдау жасалды.

Түйінді сөздер

Тарбағатай (Шыңжаң қазақтары), күй өнері, жүйелі-этнофониялық тәсіл, фольклорлы-этнографиялық экспедиция, музыкалық талдау.

Дәйексөз үшін

Ақихат, Л. 2025. Ұран Ақатайұлы күйлерінің құрылымдық-стильдік ерекшеліктері («Мереке», «Саңлақ» және «Қанат қақты» мысалында). Arts Academy ғылыми журналы №1(13): 18–33.

IRSTI 18.45.01
UDC 78.071.2 (510)

DOI 10.56032/2523-4684.2025.1.13.18

L. Akikhat¹

Kurmangazy Kazakh National Conservatory

ORCID ID: 0009-0006-8707-6025

E-mail: lazka.music@mail.ru

(Almaty, Kazakhstan)

STRUCTURAL AND STYLISTIC FEATURES OF URAN AKATAYULY'S KUYs (EXAMPLES FROM "MEREKE", "SANLAQ", AND "QANAT QAQTI")

Annotation

The proposed article is dedicated to the creative path of the kuyshi from the Tarbagatai region (PRC) – Uran Akatayuly. It is well known that Kazakh kuy art, depending on its geographical and regional characteristics as well as performance features, is divided into various regional kuy traditions. Among them, the kuy tradition of Eastern Kazakhstan has deep historical roots and covers a vast territory. One of its branches is the kuy school (күй мектебі) of the Kazakhs of the Xinjiang Uygur Autonomous Region of the People's Republic of China. In this region – in the Ili Kazakh Autonomous Prefecture, as well as in Altay, Tarbagatai, Ili, and the prefectures of Sanji, Boro-Tala, the Kumul region, Gansu province, and the cities of Kuytun, Shihezi, and Urumqi – about two million of our compatriots reside. The study of kuy art in these regions can be said to be at an early stage in domestic scholarship.

The article addresses the following issues: 1) a description of the kuyshi's creative work, and 2) a musical analysis of the most notable compositions by the above-mentioned performer.

The article is based on materials collected during the author's ethnographic and folklore expedition conducted in January 2024 in the Ili Kazakh Autonomous Prefecture (city of Kuldzha). The applied methods include the comparative-typological and system-ethnophonic approach (I. Matsiyevsky). The methodology for analyzing dombra kuyis developed by Professor S. Öteğalieva is also used. For certain compositions, their origin stories and content are presented, along with a detailed musical analysis.

Key words

Tarbagatai (Kazakh population of Xinjiang), kuy art, system-ethnophonic approach, ethnographic expedition, musical analysis.

Cite

Akikhat, L. 2025. Structural and stylistic features of Uran Akatayuly's kuyis (examples from "Mereke", "Sanlaq", and "Qanat Qaqti"). Arts Academy Scientific Journal, no. 1(13): 18–33.

МРНТИ 18.45.01
УДК 78.071.2 (510)

DOI 10.56032/2523-4684.2025.1.13.18

Л. Акихат¹

Казахская национальная консерватория имени Курмангазы

ORCID ID: 0009-0006-8707-6025

E-mail: lazka.music@mail.ru

(Алматы, Казахстан)

СТРУКТУРНО-СТИЛИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КЮЕВ ҰРАН АҚАТАЙҰЛЫ (НА ПРИМЕРЕ «МЕРЕКЕ», «САҢЛАҚ» И «ҚАНАТ ҚАҚТЫ»)

Аннотация

Предлагаемая статья посвящена творческому пути кюйши региона Тарбағатай (КНР) – Ұран Ақатайұлы. Известно, что казахское кюй-искусство, в зависимости от географико-регионального расположения и особенностей исполнительства, делится на различные региональные кюй-традиции. Среди них кюй традиция Восточного Казахстана уходит корнями в глубокую древность и охватывает обширную территорию. Одним из её ответвлений является кюй мектебі (школа кюй) казахов Синьцзян-Уйгурского автономного района Китайской Народной Республики. В этом регионе – в казахском автономном округе Иле, а также в Алтай, Тарбағатай, Илийском округе, округах Санжы, Боро Тала, районе Кумул, провинции Ганьсу, городах Куйтун, Шыхызы, Урумчи – проживает около двух миллионов наших соотечественников. Исследование кюй-искусства этих регионов, можно сказать, находится на начальном этапе в отечественной науке.

В работе рассматриваются следующие вопросы: 1) характеристика творчества кюйши, 2) музыкальный анализ наиболее ярких произведений вышеупомянутого исполнителя.

При написании данной статьи использовались материалы фольклорно-этнографической экспедиции автора, проведённой в январе 2024 года в Илийском казахском автономном округе (г. Кульджа). Среди применяемых методов – сравнительно-типологический и системноэтнофонический подход (И. Мациевский). Также используется методика анализа домбровых кюев, разработанная профессором С. Өтеғалиевой. Для некоторых произведений приводится история их происхождения и содержание, дополненное музыкальным анализом.

Ключевые слова

Тарбағатай (казахи Синьцзянь), искусство кюя, системно-этнофонический, этнографическая экспедиция, музыкальный анализ.

Для цитирования

Акихат Л. 2025. Структурно-стилистические особенности кюев Ұран Ақатайұлы (на примере «Мереке», «Саңлақ» и «Қанат Қақты»). Научный журнал "Arts Academy", № 1(13): 18–33.

Kipicne. Әр халықтың да өз тарихы мен мәдениеті, өз тарихының шежіресі, өз мәдениетінің асылы тәрізді көркем әдебиеті бар. Халық арасынан талай саңлақ жыраулар мен жыршылар, ақын-жазушылар, бармағынан өнер төгілген күйшілер шыққан. Қазақ – табиғатынан ақын халық. Әр дәуірде де ақын, жыраулық, жыршылық өнерді дарынды ұрпақ өнеге тұтқан. Қазақ ауыз әдебиетінің ежелгі авторлары, әдеби мұраны ұрпақтан-ұрпаққа алып берушілер - ақпа ақын, жыраулар мен жыршылар, күйшілер болған.

Шыңжаң өлкесіндегі қазақтардың музыка өнері, оның ішінде күйшілік мектебінің қалыптасуында XIX ғасырда көптеген тарихи тұлғалардың болғаны бізге жеткен еңбектерде жазылған. Ол жақтағы күйшілік-әншілік өнердің жеке орындаушылық мектебінің қалыптасуы ежелгі бақсылық өнердің жақсы сақталған дәуірінен бастау алып, кейін жеке-жеке аймақтық мектептерге бөлінді. Шыңжаңдағы қазақтың рухани мәдениетін ұзақ жылдар зерттеген қытай ғалымы Хуан Жоңшияның еңбектерінде бақсылық өнердің қазақтың аспаптық музыкасының қалыптасуына ықпалы жайында былай дейді: «**目前, 巴克斯已经所剩无几, 几乎退出了历史舞台。他们失去了人本来的许多功能, 如今只剩下了治病, 占卜等几个微不足道的功能。然而, 我们不能忽略他们曾经为哈萨克民间口头文学, 尤其是为包括冬**

不拉曲在内的哈萨克民间音乐的

传承所发挥过的作用». «Бүгінгі күнде бақсылар азайып, тарих сахнасынан қарасын өшіре бастады. Олар тегіндегі қасиеттерінен айрылып, тек ауруды емдеп, бал ашу сынды мардымсыз қызметтермен ғана шектеліп қалды. Десе де, олардың қазақ ауыз әдебиетіне қосқан сүбелі үлесіне көз жұма алмаймыз, әсіресе, домбыра күйін өз ішіне алған халықтық музыкасының таралуында бақсылардың атқарған қызметіне сәл қарауымызға болмайды»¹.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының әлемдік кеңістікте егеменді мемлекет ретінде орныққан кезеңінде, тарихи отандық тәжірибені, атап айтқанда, мәдениет және өнер қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерделеу қажеттігі өзекті болып отыр. Еліміздің егемендік алып, ұлттық тарихымызды шынайы зерттеуге жол ашылуы оның бай мұрасын ұрпақ тәрбиесіне пайдалануға мүмкіндік туғызды. Әрине, өткен ғасырда зерттелінбей келген ұлттық тәлімдік мұра халқымыздың теңдесі жоқ байлығы болып табылады.

Осы орайда шығармашылық өмірінде ұлттық өнерді меңгертуге бүкіл болмысын арнаған күйші Ұран Ақатайұлының шығармашылығы құнды мұра.

Алайда, Ұ. Ақатайұлының ұлттық болмысты танытуда көркемдік нақышымен, мазмұнының тереңдігімен ерекшеленетін күйшілік шығармашылығы өкінішке орай, өз деңгейінде анықталып жүйеленбегендіктен «Ұран Ақатайұлы

¹ Мәулет А. Шыңжаңдағы қазақ домбыра күйлерінің көркем-шығармашылық тәжірибесі-ұлттық

бірегейлікті сақтау факторы ретінде атты диссертациялық жұмысы. Алматы, 2018 ж. 22 б.

күйлерінің құрылымдық-стильдік ерекшеліктері» атты тақырыпты алып отырмыз.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысын жүргізу кезінде кешенді, жүйелі-этнофониялық (И. Мациевский), құрылымдық және салыстырмалы-типологиялық әдістер қолданылды.

Ұран Ақатайұлының күйлерін талдау барысында музыкалық-теориялық жұмыстар әсіресе проф. С.Өтеғалиеваның «Домбыра музыкасын талдау» пәнінде меңгерген (және маманның «Лекции по анализу домбровой музыки» атты оқу құралы қолжазбасындағы) талдау әдістеріне көбірек сүйенді.

